

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

«Қазақ» газетінің 100 жылдығына және қазақ руханиятының ұлы тұлғасы,
ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 140 жыл толуына орай

**«Қазақ журналистикасы тарихын зерттеу
мен даму үдерісінің өзекті мәселелері»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

1 ақпан 2013 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

**«Актуальные проблемы исследования истории
и процессы развития казахской журналистики»,**

посвященной 100-летию газеты «Қазақ» и 140-летию со дня рождения великого
ученого, политического и общественного деятеля, внесшего неоценимый
вклад в духовное развитие казахской нации, Ахмета Байтұрсынова

1 февраля 2013 года

MATERIALS

International Scientific-practical conference

**“Topical problems of historical issues research and
the process of Kazakh journalism development”**

dedicated to the 100 anniversary of “Kazakh” newspaper and 140 centenary
of Akhmet Baitursynov's birth - the greatest teacher of nation,
person of spiritual development of Kazakh nation

February 1, 2013

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

«Қазақ» газетінің 100 жылдығына және қазақ руханиятының ұлы тұлғасы,
ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвының туғанына 140 жыл толуына орай

«ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МЕН
ДАМУ ҮДЕРІСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

1 ақпан 2013 жыл



МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ИСТОРИИ
И ПРОЦЕССЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ»,

посвященной 100-летию газеты «Қазақ» и 140-летию со дня рождения
великого ученого, политического и общественного деятеля, внесшего неоценимый
вклад в духовное развитие казахской нации, Ахмета Байтұрсынұва

1 февраля 2013 года



MATERIALS

International Scientific-practical conference

«TOPICAL PROBLEMS OF HISTORICAL ISSUES RESEARCH AND THE PROCESS OF
KAZAKH JOURNALISM DEVELOPMENT» dedicated to the

100 anniversary of «Kazakh» newspaper and 140 centenary of Akhmet Baitursynov's birth - the
greatest teacher of nation, person of spiritual development of Kazakh nation

February 1, 2013

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

Ғылыми редакторлар:

ф.ғ.д., профессор **Әбдиманұлы Ө.**

ф.ғ.д., профессор **Тұрсын Қ.Ж.**

Жауапты редакторлар:

с.ғ.д., профессор **Сұлтанбаева Г.С.**

ф.ғ.к., доцент **Мектеп А.Қ.**

Техникалық редакторлар:

Әбдиева Р.С., Иманова А.С.

«Қазақ» газетінің 100 жылдығына және қазақ руханиятының ұлы тұлғасы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 140 жыл толуына орай «Қазақ журналистикасы тарихын зерттеу мен даму үдерісінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 1 ақпан 2013 ж. / жауапты ред.: Г.С. Сұлтанбаева, А.Қ. Мектеп. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 297 б.

ISBN 978-601-247-808-2

Жинаққа ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзі тарихы мен Алаш зиялыларының ұлттың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-рухани өміріндегі қызметіне қатысты кейінгі табылған тың деректер негізіндегі ізденістер мен зерттеу материалдары енгізілді. Жинақ «Қазақ» газетінің ұлттық баспасөз тарихының дамуы мен қалыптасуындағы орны, сондай-ақ ұлт санаткері Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси һәм мәдени-ағартушылық қызметіне арналған.

ҚАЗАҚТІЛДІ БАСПАСӨЗ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ЖАРШЫСЫ

Мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі гранттық қаржыландыру 1899/ГФ2 «Интеллектуалды қоғам азаматының қоғамдық санасын қалыптастырудағы гуманитарлық технологияларды әзірлеу» жобасы аясында орындалған жұмыстар материалдары бойынша дайындалды.

Интеллектуалды қоғам қалыптастыру мәселесі ғылымға жаңа міндеттер қойды. Бұл әлеуметтік-гуманитарлық, қоғамдық-саяси ғылымдардың қоғамды рухани өркендету мақсатында бірлескен зерттеулерді, пәнаралық байланыстарды қажет еткен міндет болатын. Аталған салаларда білім алушылардың саны артып, мамандардың көбеюі, оған деген сұраныстың молаюы басты индикатор саналады. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарының байланыстырушы, жалғастырушы ретінде қызметі, алатын орны ерекше.

БАҚ – қоғамдық құрал. Ол тұтынушылар аудиториясын ақпараттандырып қоймастан, қоғамдық ортаға ой тастайды, пікір өрбітеді. Осылайша біз атаған құндылықтар индикаторының халыққа жетуіне, насихатталуына, тарауына, білімін арттыруына ықпал етеді.

Қазақ елінде, бабалар мирас еткен Жерұйық мекенінде алдыңғы қатарлы жұрт көшімен қатарлас келу, оқ бойы озық жүру үшін де интеллектуалды ұлт мәселесін қозғау, көтеру қазақ баспасөзіне сенім мен үміт арқалатады.

Қазақ баспасөзінің осынау міндеттерін ғылыми тұрғыда саралау, қызметін бағалау мақсатында «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Алаш айнасы», «Жас алаш», «Жас қазақ» газеттерінде жарық көрген материалдар таңдалды.

Медиа-мониторинг интеллектуалды ұлтты айқындаушы факторларды, қазақ баспасөзінің интеллектуалды құндылықтар қалыптастырудағы орнын айқындау мақсатында жүргізілді. Талдауға ақпараттық, талдамалық мақалалар қарастырылды. Конент-талдаудың хронологиясы 2009 ж. қазан айынан 2012 жыл мамыр айы аралығын қамтиды. Аталған басылымдарда жарияланған материалдардан 50 индикатор тіркеуге алынды.

А қосымшасында контент-талдауға іріктелген 91 мақала тізімі берілсе, Ә қосымшасында оларға жүргізілген контент-талдау келтірілген. Мағыналық индикаторлардың қайталану жиілігі Б қосымшасында келтірілді. Талдауға қоғамдық саяси маңызы бар көсемсөздер, сұхбаттар мен талдамалы материалдар іріктелді. Әрбір мағыналық индикаторларға сәйкесінше сандық мәліметтер орналастырылды. Кестедегі материалдар мағыналық индикаторлардың кездесуі бойынша еркін стильде іріктелді.

Баспасөздегі ақпараттық-сараптамалық материалдарды зерттеуде пайдаланылған әдістеме олардың ақпараттық берілімін арттыратыны сөзсіз. Зерттеу барысында қолданылған саяси-дискурстық сараптау мен контент-сараптаулар баспасөздегі материалдарды зерттеуде факторлық зерттеулер қажетті сапалық және сандық мәліметтерді берді. Қолданылған әдістер комбинациясы сол әдістердің келеңсіз жақтарын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Медиа-мониторинг жүргізуде «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасында аталған негізгі дерексөздер іріктеліп, мынадай категориялар тізімі алынды: Экономика, Модернизация, Ұлт, Әлеует, Индустрия, Инновация, Озық технологиялар, Білімділік, Интеллект, Отан, Халық, Өнеге, Ұлттық интеллект, Эрудициялы адамдар, Білім беру, Білім алу, Серпіліс, Ақпараттың қолжетімдігі, Сындарлы ойлау, Бағдар ала білу, Терең ақыл, Өмірлік күш-қуат, Ғылым, Интеллектуалды элита, Ғылыми әлеует, Жаһандану, Бәсекелестік рейтинг, Инновациялық даму, Ғылыми-технология, Интеллектуалдық жүйе, Экоэнергетика, Экология, Антиэйджинг (антикәрілік), Ғылыми-техникалық прогресс, Бизнес, Инновациялық-технологиялық даму, Инновациялық инфрақұрылым, Ақпараттық технологиялар, Индустриалық аймақтар, Адам капиталы, Интеллектуалды ұлт, Ұлттық құндылық, Саналы жастар, Білімді жастар, Озық елдер, Өркендеу, Бақ-дәулет/игілік, Еңбек пен қабілет, Отансүйгіштік, Рух.

Тіркеу категориялары тек қана мағыналық жүктемені білдіретінін ескеру қажет. Сондықтан оларды мағыналық категориялар деп өте жиі атайды, яғни, бұл категориялардың астарында белгілі мағыналар бар деуге болады. Басқаша айтқанда, бұл мағыналардың астарынан мәтінде айтылатын қандай да бір нысанды немесе осы нысанға қатысты қандай да бір қасиетті байқай білу керек. Кей жағдайларда бұл нысан бір сөздің көмегімен, ал келесі жағдайларда – бірнеше сөздердің бірігуі аясында, яғни нақты тұжырымдар арқылы сипатталады.

Құжат мазмұнында тек бір ғана мағыналық элемент түрлі сөздік формада айтылуы мүмкін болғандықтан, мәтіндегі осынау ой білдірудің барлық мағыналық категориялары болуы мүмкін формаларын іздестіру керек. Біздің зерттеуімізде, аталған мағыналық жүктемелер «интеллектуалды ұлт», «интеллектуалды әлеует» ұғымдарының БАҚ (қандай БАҚ-та) материалдарында қаншалықты жиі жарияланатыны, оның ақпараттық-коммуникативтік ықпалы мен бұқаралық / қоғамдық пікір қалыптастыру факторлары айқындалады.

Сондықтан зерттеудің екінші кезеңінде таңдалып алынған категориялардың индикаторлары іздестіріледі. Бұлар аталған мағыналық категорияны бейнелеуші элементтерден тұрады. Мәселен, «интеллектуалды ұлт» мағыналық категориясы «ұлттық интеллект», «эрудициялы адамдар», «білім беру», «білім алу», «серпіліс», «терең ақыл», «ғылым», «интеллектуалды элита» сияқты сөздермен немесе «отанға деген махаббат», «Қазақстанның дамуы», «елдің өркендеуі» сияқты сөз тіркестерімен сипатталуы мүмкін, сол үшін де бұл сөздер мен тіркестер индикатор саналады. Зерттеудің қорытынды кезеңінде ерекшеленген индикаторларды есепке ала отырып, тіркеуге алынған категориялардың пайдалану жиілігі санала бастайды.

Қазақ баспасөзіндегі талдамалы материалдарға жүргізілген сараптаулар көрсеткендей, зерттеуде тіркеу категориясы қоғамдық құндылықтарды немесе қоғамдық өмірдегі ең айтулы оқиғаларды білдіруі; ішкі және сыртқы саясатты қамтитын мемлекеттік саясаттың приоритетті бағыттарын сипаттауы; Қазақстандағы саяси және экономикалық жағдайдың индикаторы ретінде танылуы тиіс.

Мағыналық категориялардың алдымен «экономика» аталуы оның қоғам дамуында басты фактор екендігін дәлелдейді. Республикалық «Егемен Қазақстан» газеті елдегі экономикалық ахуал, қаржы, инвестиция туралы талдау, сараптау материалдарын жариялауда басымдықтар береді. В. Түгелбайдың «Ресей жинақ банкі – сенім мен тұрақтылық кепілі» атты мақаласында Астана қаласының әкімі И. Тасмағамбетовтің Ресей Жинақ банкінің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзін келтіреді: «Өйткені, ел аман, жұрт тыныш. Екінші жағынан, экономика қиын түрде болғанымен, жалпылама алсақ, қарқынды түрде дамып келе жатыр... Қазақстан экономикасының болашағы өте зор екендігін көрсетеді. Өткен жылы банк Қазақстан экономикасына 1,5 млрд. доллар инвестиция құйғандығын білеміз. Биыл да Астана экономикасына инвестиция салу арқылы өз үлесін қосады деп сенемін» [1].

Ел басылымы интеллектуалды құндылықтарды халық санасына сіңіріп, көптің ойы мен пікіріне ортақ тілде жариялай білуі, мемлекеттің саясаттың анық та нақ, тура да дәл көп көкейіне қонуына ықпал етіп отырғаны ақиқат. Бір «Етжендінің» өзі бұл бағытта толымды толағайлы мақалалар жариялап келеді. Баспа сөзінің, көсем сөзінің пәрменділігін танытуда бұл басылымның орны ерек.

Республикалық қоғамдық-саяси «Айқын» газетінде Қ. Бақдәулеттің «Арманның асулары әлі алда» мақаласында: «Соңғы төрт жылда қала экономикасының барлық саласында оң өзгерістер орын алып, өнеркәсіп өндірістерінде айтарлықтай алға ілгерілеушілік байқалды. Шымкент республикадағы ірі мегаполистердің біріне айналып, үшінші қала мәртебесіне дейін көтерілді», - деп Оңтүстіктегі экономикалық ахуалға оң болжам жасалынады [2]. Экономиканың дамуы – елдегі билік басындағы азаматтардың қолтанбасы, менеджерлік қасиетінен екендігін журналист оқырманға баяндайды. Экономика елді, мемлекетті, халықты өркендетудің басты тетігі ретінде қарастыру – қазақ баспасөзіндегі қызу да қарқынды жарияланып, талқыланатын тақырып.

Сондай басылымдар қатарында «Алаш айнасын» атауға болады. «Дат» айдары көпшілік алдында өзегі піскен өзекті дүниелерді бұқаралық ойға арқау етеді, қоғамдық пікірге нысан етеді. Сондай материалдың бірі техника ғылымының докторы, профессор Т. Мендебаевтың еншісінде. Ғалымның баспасөзге «Өндірістен шеттетілген халық рухани кедейшілікке, тоқырауға ұшырайды» атпен берген сұхбатында елдегі экономикалық ахуалды: «... алдымен өтпелі кезеңдегі экономика, содан кейін ғана саясат дейтін түсінік бізде әлі күнге дейін өзгеріссіз келе жатыр. Рухани кедейшілікке ұшыраған қоғамды келеңсіздік жайлайды. Қазіргі атыс-шабыс, нашақорлық, зинақорлық, жемқорлық пен сыбайластық сияқты жәйттар соның нақты айғағы деуге болады», - деп сипаттайды [3]. Қоғамның экономикалық дамуы рухани дамумен қатар жүретінін тап басып, тура айтқан ғалымның ойлары орынды.

Тіркеуге алынған категориялардың қатарында «модернизация» мағыналық белгісі бар. Модернизация ұғымы қоғам өміріндегі жаңажылдықты, дәстүрлі қоғамнан заманауи қоғамға өту кезеңін білдіреді. Еліміздің басты басылымы «Егемен Қазақстан» материалдарында модернизациялау үдерісін басты мағыналық индикатор ретінде қалыптастырған. Соның дәлелі Ф. Бықайдың «Алға басудың айқын жолы «Индустрияландыру картасы» бойынша нақтыланбақ» мақаласында көрініс тапқан. Автор: «Елбасы биылғы Жолдауында қазақстандық дамудың басым

бағыттарын анықтап бергені баршамызға мәлім. Ал соның ішіндегі ең маңыздысы әрі негізгісінің бірі экономикамыздың одан әрі модернизациялануының жаңа жобасын жүзеге асыру болып табылады», - деп жазады [4]. Қоғамдық-саяси басылым елдегі интеллектуалдық дамудың басты көрсеткіштерін ақпараттық саясаты ретінде қалыптастыра білген.

Контенттік талдауға алынған мағыналық белгілер жиі кездескен «Айқын» газетін атауға болады. Баспасөз «Ақ сөйле» айдары қоғамның келелі мәселелері, толғақты ойлары, сындарлы саясатының жаршысы бола білді. Осы басылымда жарияланған саясаттанушы А. Сарымның «Мемлекет те, ұлт та - өзіміздікі» атты мақаласында: «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың соңғы екі жылдағы Жолдауының тақырыбында модернизация сөзі тұрақты орын алып отыр. Ол дегеніміз, Қазақстанның мемлекеттік жүйесінің жалпы тиімді қызмет етуі үшін модернизацияның маңыздылығын танытады. Модернизацияның әлеуметтік-экономикалық типі адам капиталы рөлінің артуын талап етеді», - деген ой білдіреді [5]. Елімізде модернизациялық үдерістердің тиімді орындалуы адам капиталына қатысты екендігін дұрыс болжап, оңтайлы пікір танытқан саясаттанушы қоғамдық ойға қозғау салады.

Интеллектуалды құндылықтарды қоғам назарына ұсынып, мәні мен мазмұнын жеткізуде күнделікті халықтың қолына тиіп, ақпарат іздер қауымға, ой іздеген жұртшылыққа берері мол басылым «Алаш айнасы» газеті деуге болады. Басылымның бұл бағытта жүргізетін ақпараттық саясаты, коммуникативті алаңы еркін сөз, өткір ой, ұтқыр идеяларға жаралған. Мәселен, газет сандарының бірінде Ж. Түсіпбекұлы «Әлеуметтік модернизация қалай жүзеге асуы керек?» мақаласы жарияланып, онда: «Модернизация қоғамның барлық саласын бірдей қамтығаны дұрыс. Соның ішінде бірінші кезекте әлеуметтік сала қамтылуы қажет. Меніңше, әлеуметтік модернизация дегенді күрделендірмей, қарапайымнан бастау керек. Жас отбасылардың баспанаға қолжетімділігін қамтамасыз ету – кезек күттірмес мәселе. Екінші проблема – жұмыссыздық деңгейін төмендету», - деп автор мәселе көтереді [6].

«Ұлт» мағыналық категориясы қазақ баспасөзінде жиі аталатын ұғым. Ұлттық мәселе, ұлттық мүдде баспасөзде жиі қозғалатын тақырып. «Айқын» басылымы бұл тұрғыда өзіндік бағыт-бағдары бар, ұлттық ақпараттық кеңістікте орны бар басылым ретінде танылып отыр. Мысалы, К. Тасболатова «Қазақтың ұлттық арманы не?» мақаласында:

«Әрбір ұлттың өз арманы бар. Бұл бәлкім, ұлттық арман деп аталатын шығар. Орыстың бүгінгі арманы «Ұлы Русь» идеясымен ұштасып жатқандай. «Америкалық арман» болса, дүниежүзі деңгейінде өзіндік брендке айналып кеткен сияқты. Оның материалдық астары бар, яки америкалық арман халықтың әлеуметтік тұрғыдан бақуатты өмір сүруіне барып тіреледі. Ал қазақтың ұлттық арманы не?»,- деген сұраққа жауап іздейді, мәселе көтеріп, қоғамдық ойға сөз тастайды [7].

Тәуелсіз басылым «Жас қазақ» газетінде де осы сипаттағы материал жиі жарияланып, редакция мәселеге сергек қарайды. А. Айталы «Паспорты бар «патриоттар» мақаласында:

«Балтық жағалауы, ТМД елдері тәуелсіздік алғаннан кейін олардың алдында екі мәселе тұрды. Біріншісі – отарланған, яғни «жараланған» ұлттардың тағдыры – тілі, діні, мәдениеті, әдебиеті, т.т. тұрса, екіншісі – негізгі ұлт пен орыс арасында (қазақ-орыс, эстон-орыс т.б.) мәселе туды. Бұл проблема барлығына ортақ болды да, ол әр елде әрқалай шешілді», - деп жазды [8].

Республикалық «Жас алаш» газетінің ұлт, ұлттық мүдде тақырыптарын жариялауда өткір сын, ащы талдауларды жиі жариялап, оппозициялық бағытын анық танытады. Газеттің «Ұлтыңыз Сізге риза, Раха!» редакциялық мақаласында:

«Ұлттың қамын ойлау – тектілерге тән тірлік, тектілерге ғана тиемел парыз. Сіз де, қадірлі Раха, бұ дүниеден ұлттың қамын жеумен, ұлттың мақсат-мүддесін түгендеумен өттіңіз. 1937 жылғы атып-асу бар, 1952 жылғы қуғындау бар, ұлттың зиялылары жасыңқырап, беті қайтыңқырап, шаршаңқырап жүрген кезде Сіз «Қазақ әдебиеті» газетіне жарқ еткізіп мақала жаздыңыз. Ұлттық тілдің мүддесі жөнінде. Осы мақалаңыз үшін қызметтен де кеттіңіз», - деп жазады [9].

Контент-талдауға алынған мағыналық категориялардың қатарында «Әлеумет» индикаторын ерекше атаған жөн. Қоғамның әлеуметтік мәселесі тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру сапасы сияқты маңызды мәселелерді қамтиды. Бұл тақырып «Егемен Қазақстан» газетінің беттерінде жиі көтеріліп, осы бағыттағы ресми жаңалықтар, оқиғалар жарияланып отырады.

Т. Табынұлының «Үкімет дағдарыспен күресуге белін бекем буды» мақаласында: «Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға тигізетін жағымсыз әсерлерін жеңілдету және болашақтағы экономикалық өсімге қажетті негізді қамтамасыз ету. Бұған дейін Мемлекет басшысы елдегі экономиканың ахуалын тұрақтандыруға Ұлттық қордан 10 млрд. АҚШ доллары бөлінетінін жария етті», - деген оң өзгерістерді хабарлайтын деректер жарияланған [10].

Жалпы, ел басылымы экономикалық-әлеуметтік жағдайды таразылып, екшеп, текшеп талдап отыратын корреспонденциялар циклін тұрақты жариялайды. Оқырман аудиториясы ресми, саликалы ақпараттар мен деректерді басылымнан пікірге алып, көңілге тоқи алады.

Әлеуметтік тақырып елдің ахуалын танытатын индикатор. Сондықтан болар қазақ баспасөзінің әр саны бұл саладағы орайы келген ойларды, шешуі келген дүниелерді ізін суытпай жариялап отырады. Қоғамға ой, көпке пікір болар азық береді. Соның айғағы, «Айқын» газеті қоғамымыздың өзекті мәселесі жұмыссыздықты сынға алады, оның салдарын талдайды. АҚ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының Президенті А.Құрманов «Сақтандырудың сан түрлі жолы бар» материалында:

«Қазақстанда жұмыссыздықтан қорғау мәселесі маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге, оның ішінде қоғамдағы табысын және әлеуметтік мәртебесін жоғалтқан топтардың болуымен байланысты әлеуметтік тұрақсыздықты төмендетуге бағытталған мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады», - деп мәселені атап көрсетеді [11].

Жұмыссыздық елдікке, мемлекеттіке сын. Ол елдің интеллектуалды өсуіне, дамуына сын. Сондықтан бұл қоғамдық кесел. Онымен күрес тек құзыретті органдардың емес, сондай-ақ баспасөздің де міндеті. Бұл ақпараттық ортаның саясаты болуы тиіс. Елімізде пікір алуандығына жол берген, мемлекеттік саясатқа батыл сын айтқан баспасөз санаулы. Сондай басылымдардың қатарында «Жас алаш» бар. Газеттің ақпарат айдары әлеуметтік тексеру нәтижелеріне қатысты «Болашақ сенім жоқ» деген материал жариялап, онда:

«Алматыда арнайы баспасөз жиынын өткізген қоғамдық ұйым өкілдері Батыс Қазақстандағы әлеуметтік ахуалға жасалған тексеру жұмыстарының қорытындысын жариялады. Жиынды өткізген «Аман саулық» және «Ұлағатты жан-ұя» қоғамдық қорының өкілдері сауалнамаға азаматтардың барлығы дерлік қатыса алмағанын айтты. Біз сұрау салған жұмысшылардың 48 пайызы өмір сүру деңгейімен келіспейді», - деп жазады [12].

Әрине, сөз бостандығы, баспасөз еркіндігі демократиялық құндылықтардың басты көрінісі. Сондықтан да елімізде әр тарапты баспасөздің жарық көруі, онда кереғар пікірлер жариялануы бұл бағыттағы алғашқы қадамдар деп санау керек.

Ғылым – интеллектуалды құндылықтар қатарынан жататын басты фактор. «Ғылым» индикаторын айқындаушы семантикалық жүктмелер қатарынан «ғылыми әлеует», «озық технологиялар», «зерттеулер» сияқты мағыналық белгілерді атауға болады.

«Алаш айнасы» газетінде С. Көкеновтің белгілі ғалым, философ Ә. Нысанбаевпен «Ұлт руханияты мен мәдениеті, игілігі үшін еңбектенген адам өмірден шаршамайды» сұхбатын жариялады. Саналы ғұмырын түгелдей гуманитарлық ғылымдар саласындағы шығармашылық ізденістерге арнаған ұлт руханиятының қалыптасуы мен дамуына үлкес қосқан ғалыммен болған әңгімеде қазақ ғылымының жай-күйі баяндалады. Бұқаралық ортада ғылым мен ғылыми қауымдастыққа деген оң көзқарас қалыптастыратын материалдар оның интеллектуалдық қор ретіндегі құндылығын арттыруға ықпал етеді [13].

Республикалық «Жас алаш» газеті ғылымға деген сыни мақала жариялап, бұл саланың түйдектелген мәселелерін қозғайды: «Ғылым да, білім де иесіз қалды» деген мақала авторы М. Аязбаев: «Қазіргі күні білім мен ғылым иесіз қалды. Сол иесіздік анау-мынау емес, жиырма жылға созылып отыр. Бұрынғы студенттер интеллигенция болып есептелініп, қоғам да олармен есептесетін еді. Өйткені олар орта мектепті жақсы және өте жақсы бітірген, үлгілі тәртібімен ерекшеленген ұл мен қыздар болатын», - деп жазады [14].

Автордың көтерген мәселесі тікелей ғылым дамуы емес, елдегі зиялы қауымның өсіп-жетілуіне қатысты жазылады. Дегенмен автордың қазақ ғылымын түгелдей қаралуына негіз жоқ.

Елдің әлеуетін арттыратын құндылықтар ретінде баспасөзде «интеллектуалды», «интеллектуалды элита», «интеллектуалды ұлт» мағыналық категорияларын атау орынды. Себебі, бұл бағытта мемлекеттік саяси бағдар, стратегиялық бағыт бар. Ол – анық. Ол және орындалатын міндеттер. Соның дәлелі – еліміздегі зияткерлік мектептерін ерекше атауға болады. Келесі материал «Айқын» газетінде жарияланып, авторы Б. Бейсенбекұлы **Білім және ғылым министрлігі мектепке дейінгі және орта білім беру департаментінің бастығы Ж. Жонтаевамен** «Мектепке дейінгі және орта білім беру сапасы - болашақтың кепілі» атты сұхбаттасады.

«Елбасы алдымызға ұлттық интеллекттің ядросын құру қажеттілігін, Қазақстанның интеллектуалдық элитасын тәрбиелеу үшін іргетас болып табылатын мектеп құруды міндет етіп қойды. Осы мақсатта «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» желісі құрылуда. Қазіргі уақытта республикамыздың Астана, Семей, Көкшетау, Талдықорған, Орал және Өскемен қалаларында 7 зияткерлік мектеп жұмыс істеуде», - дейді сұхбаи иесі [15].

Мұндай интеллектуал қауымының жас түлектерін дарялайтын мектептер саны жыл сайын көбейіп келеді. Елдің ертеңгі интеллектуал қауымының іргесі осылай қаланады.

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық оқиғалардың семантикалық кеңістігі туралы ұғымды тереңдету үшін жүргізілген контент-талдаулар нәтижесінде кеелсі кезекте мәліметтердің сандық өңделуі үшін статистикалық әдістер қолданылды. Нәтижелерді статистикалық өңдеу үшін қолданбалы зерттеулерде кеңінен қолданылатын белгілер арасындағы тығыз байланысты өлшеуге мүмкіндік беретін факторлық сараптау қолданылды.

БАҚ материалдарын матрицалық сараптауда көп қолданылатын әдістердің бірі – көпөлшемді математикалық статистика, яғни факторлық сараптау деп те атайды. Факторлық сараптау көмегімен жарияланған материалдар белгілерінің өзара ұқсастықтары мен сол белгілердің жинақталған жиынтығын алуға, яғни бастапқы өзгерістерді жинақтау деңгейіне өтуге болады.

Факторлық сараптау әдісі көмегімен зерттелетін құбылыстың хаостық сипаты реттеліп, жаңа гипотезалар тұжырымдалады. Осы зерттеу жұмысында факторлық сараптаудың басты әдістерінің бірі басты компоненттер әдісі саналады. Аталған әдіс саяси болжам үшін, мәліметтерді сараптауда кеңінен қолданылады.

Әр түрлі сипаттағы басылымдардағы қоғамдағы басты саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелердің көрсеткіші боларлық мағыналық 50 белгі бойынша жүргізілген сараптаудан байқалғаны мынадай.

Ең алдымен, «экономика», «әлеумет» мағыналарының жиі кездесіп, басымдық танытуы байқалды. Бұл ретте алдымен «Егемен Қазақстан» және «Жас қазақ» басылымдары, екінші кезекте «Алаш айнасы» және «Айқын» газеттерінде жарияланған мағыналық жүктемелердің жиілігі басым болып отыр. Аталған мағыналық белгілер арасындағы айтарлықтай айырмашылық байқалады. Әсіресе, «экономика» ұғымы талдауға алынған материалдарда «Егемен Қазақстанда» - 34, «Жас қазақта» - 23, «Алаш айнасында» - 21, «әлеумет» ұғымы «Егемен Қазақстанда» - 11 рет, «Жас қазақта» - 13 рет қайталанатын. Интеллектуалды әлеуетті қалыптастыруға ықпал ететін факторлар ретінде талдауға алынған «модернизация» және «индустрия» ұғымдары екінші топты құрайды. Бұл ұғымдар қайталану жиілігі мен көпөлшемді статистикалық талдау нәтижелері бойынша баспасөзде басымдық берілген мағыналық жүктемелер қатарында.

Талдауға алынған материалдарда белгілі мағыналық жүктемелердің қайталану жиілігіне байланысты оның семантикалық ядросын айқындап қоймастан факторлық сипатын да айқындайды.

БАҚ – интеллектуалды құндылықтарды айқындайтын, қалыптастыратын алаң. Сондықтан да елдің дамуы, халықтың рухани өрлеуі, ұлт өресінің артуы, бұқаралық ойдың кемелденуі, қоғамдық пікірдің саралануы, ең алдымен, БАҚ арқылы орындалады, қалыптасады, орнығады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ баспасөзінің де көтеретін жүгі, орындайтын миссиясы бар. Ол – елдік интеллектуалды әлеуеттен ұлттық интеллектуалға апаратын ақпарат жолы, байланыс арнасы, коммуникация магистралі. Төл басылымдардың жалғыз бағыты бар. Ол – ұлттық мақсат пен мұратқа адалдық, елдік санаға туралық, рухани құндылықтарға жанашырлық. Міне, бүгінгі қазақ баспасөзінің бағыты да, бағдары да – осы.

Әдебиеттер:

1. Түгелбай В. *Ресей жина банкі – сенім мен тұрақтылық кепілі / Егемен Қазақстан*, – 2009, 12 тамыз
2. Байдаулет Қ. *Арманның асулары әлі алда / Айқын*, 2012. – 26 сәуір
3. **Т. Мендебаев.** *Өндірістен шеттетілген халық рухани кедейшілікке, тоқырауға ұшырайды / Алаш айнасы*, 2010. – 3 қыркүйек
4. Бықай Ф. *Алға басудың айқын жолы «Индустрияландыру картасы» бойынша нақтыланбақ / Егемен Қазақстан*, 2009. 9 қараша
5. Сарым А. *Мемлекет те, ұлт та – өзіміздікі / Айқын*, 2012. 17 шілде
6. Түсіпбекұлы Ж. *Әлеуметтік модернизация қалай жүзеге асуы керек? / Алаш айнасы*, -2012. -20 қаңтар
7. Тасболатова К. *Қазақтың ұлттық арманы не? / Айқын*, 2010. – 21 қаңтар
8. Айталы А. *Паспорты бар «патриоттар» / Жас қазақ*, 2011. – 12 шілде
9. *Редакциялық мақала. Ұлтыңыз Сізге риза, Раха! / Жас алаш*, 2012. 15 сәуір
10. Табынұлы Т. *Үкімет дағдарыспен күреске белін бекем бұды / Егемен Қазақстан*, 2008. – 29 қараша
11. Құрманов А. *Сақтандырдуың сан түрлі жолы бар / Айқын*, 2011. 29 желтоқсан
12. *Редакциялық мақала. Болашаққа сенім жоқ / Жас алаш*, 2012. – 12 қаңтар
13. Көкенов С. *Ұлт руханияты мен мәдениеті, игілігі үшін еңбектенген адам өмірден шаршамайды / Алаш айнасы*, 2012. -27 сәуір
14. Аязбаев М. *Ғылым да. Білім де иесіз қалды / Жас алаш*, 2012. – 9 ақпан
15. Бейсенбекұлы Б. *Мектепке дейінгі және орта білім беру сапасы - болашақтың кепілі / Айқын*, 2012. – 10 ақпан

МАЗМҰНЫ

Ғалымқайыр Мұтанов АЗАТШЫЛ РУХ АЙНАСЫ.....	3
Керимов И.А. ГАСПРИНСКИЙ И КРЫМСКОТАТАРСКАЯ ПЕРИОДИЧЕСКАЯ ПЕЧАТЬ ДОВОЕННОГО ВРЕМЕНИ	5
Әбдиманұлы Өмірхан ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІН ҰЛЫҚТАҒАН БАСЫЛЫМ	12
ӘНЕС Ғарифолла ҚАЗАҚТЫҢ БАҒЫНА ТУҒАН «ҚАЗАҚ»	21
Ахметова Лайла АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ГЛАШАТАЙ НАСТРОЕНИЯ ОБЩЕСТВА	30
Ысқақұлы Дандай АЛАШШЫЛ ӘДЕБИ СЫН	35
Abdieva Roza Serikbaevna, Shamsharhan Raushan BOOK PRESS IN KAZAKHSTAN DURING XX CENTURY'S I PART	50
Абилхасимова Б.Б. О ПРОЦЕССАХ ИЗМЕНЕНИЯ НЕЙТРАЛЬНОГО ФОНА ГАЗЕТ	53
Абдуова Баян, Әбдиева Роза А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН АЛАШ АЗАМАТТАРЫНЫҢ БАСПА ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	56
Ағыбаев Құдиярбек ТЕЛЕАРНА ХАБАРЛАРЫНДА ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ.....	58
Айтжанов Хамза «ҚАЗАҚ» ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТАНЫМ	61
Альжанова Айгерім ЗАРОЖДЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПУБЛИЦИСТИКИ.....	66
Алим Эльмира РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ РЕКЛАМЫ	67
Алипова Айғаным «СЕМЕЙ ТАҢЫ» - СЕМЕЙ ӨҢІРІНІҢ ШЕЖІРЕСІ.....	70
Аргынбаева Макпал ЭКОЛОГИЯ НРАВСТВЕННОСТИ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА.....	72
Асқаров Нұрлан, Жүсіпова Алтынай «АЙҚАП» - АЗАТТЫҚ ЖАРШЫСЫ.....	75
Ахмағанбетов Руслан ИДЕОЛОГИЯНЫҢ МӘНІ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	79
Әріпбаев Айдос XXI ҒАСЫРДАҒЫ КОММУНИЗМ НЕМЕСЕ ЖАҢА МЕДИАНЫ МЕНГЕРГЕН МІНСІЗ МЕМЛЕКЕТ МОДЕЛІ.....	82
Барлыбаева Сауле СОВРЕМЕННЫЙ ИНФОРМАЦИОННЫЙ КАЗАХСТАН	84
Бекболатұлы Жетпісбай АХАҢ ӨСКЕН ОРТА.....	88
Сағымбай Жұмағұл ҒҰМАР ҚАРАШ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ.....	92
Данабаев Райымбек СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ОЧЕРКОВ И РЕПОРТАЖЕЙ ФРОНТОВОГО ЖУРНАЛИСТА АБУ САРСЕНБАЕВА В ГОД ОКОНЧАНИЯ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ.....	95
Данабаев Р.К., Ниязгулова А.А. «ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ГАЗЕТЫ «ТУРКСИБ» (период 1934-1958 гг)	99
Дудинова Елена ПЛАНЕТАРНОЕ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ПУБЛИЦИСТА, КАК ВЫРАЖЕНИЕ ТВОРЧЕСКОЙ МАРГИНАЛЬНОСТИ.....	103
Еркінбай Ұлан АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИЕТ.....	107
Есхуатова Назым М-С.БАБАДЖАНОВ – ПУБЛИЦИСТ XIX ВЕКА.....	116
Иманова Айгүл ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ЖАЛЫНДЫ ЖАРШЫЛАРЫ.....	118

Жақып Бауыржан ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ	122
Жақсылықбаева Римма КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛАР ЖӘНЕ МЕДИА ӘДЕПТЕРДІ САҚТАУ	130
Жолдыбай Кенжеболат ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ	133
Жумалиева Б.К. НАГИМА АРЫКОВА, НАРКОМ И ЖУРНАЛИСТ	135
Жүсіпова А.Ш. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ.....	138
Ильясова Элмира XX ҒАСЫРДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР.....	141
Ибрагимов Ниетжан СТАНОВЛЕНИЕ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОЙ ПРЕССЫ О ЗДРАВООХРАНЕНИИ В КАЗАХСТАНЕ	145
Иманалиев Жалғас «ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК».....	147
Имаханбет Райхан АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҒӘМ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ.....	149
Камзин Какен ПРИРОДА СОВРЕМЕННЫХ НОВОСТНЫХ БЛОКОВ	153
Кенжегулова Нарьбин ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ ПУБЛИЦИСТИКИ	157
Козыбаев Сағымбай АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – РЕДАКТОР И ВИДНЕЙШИЙ ПУБЛИЦИСТ КАЗАХСКОЙ ДЕМОКРАТИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ	159
Кундахабаева Асель «ВКЛАД АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА В ИСТОРИЮ КАЗАХСКОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ».....	162
Динара Қиялова, Сәндібек Назерке ҚАЗАҚ ӘЛПБИІНІҢ АТАСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.....	163
Ложникова Ольга ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ КОММЕРЧЕСКИХ РАДИОСТАНЦИЙ В КАЗАХСТАНЕ	165
Медеубекұлы Сағатбек АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҚАЗАҚ ЗАМАНСӨЗІНІҢ ТЕОРИЯСЫН ЖАСАУШЫ.....	167
Мектеп-тегі Аманқос ЕЖЕЛГІ РУНА ЖАЗУЫ – МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ РӘМІЗІ.....	170
Молдабеков Жакан ИСТОКИ СОВРЕМЕННОСТИ В ДЕМОКРАТИЧЕСКОМ ПОТЕНЦИАЛЕ И ДУХОВНОМ ОБНОВЛЕНИИ.....	173
Мухамадиева Лариса ИСТОКИ ПУБЛИЦИСТИКИ В КАЗАХСТАНЕ: ПОЛИТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС.....	176
Негимов Серик АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ.....	179
Ниязгулова Айгуль ИЗ ИСТОРИИ ЗАРОЖДЕНИЯ СПОРТИВНОЙ ПУБЛИЦИСТИКИ В КАЗАХСТАНЕ.....	181
Нода Лариса ИССЛЕДОВАТЕЛИ КАЗАХСТАНА: ЭВОЛЮЦИЯ ВЗГЛЯДОВ НА ОКРАИНЫ.....	184
Нурбеков Сакен ИНФОРМАЦИОННОЕ ПРОСТРАНСТВО ТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ.....	187
Омарұлы Бауыржан 1868 ЖЫЛҒЫ «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ КӨЗҚАРАС.....	189
Оразалиева Жадьра ТАУМАН АМАНДОСОВ - ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	192
Оразбек Макпал «ТЫСҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ҒАЛАМ ТУРАСЫНДАҒЫ СӨЗ» НЕМЕСЕ АВТОР ТУРАЛЫ А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ БАЙЛАМДАРЫ.....	196
Турегельдиева Айгерім ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XIX-XX ҒҒ. КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ.....	199
Өзбекова Гүлнар «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ТУРАЛЫ	203
Омарова Бәтіш АЛАШ БАСПАСӨЗІНІҢ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ОЯТУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ	205

Рустемова Жанар	
ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ	209
Сақ Қайрат	
“ҚАЗАҚ” - ӨЗІН-ӨЗІ ҚАРЖЫЛЫНДЫРҒАН ГАЗЕТ.....	212
Сәрсекеев Қоғабай	
"ҚАЗАҚ" ГАЗЕТИНЕ - 100 ЖЫЛ	216
Қиялова Динара, Сейсенбай Толғанай	
«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ	218
Маржан Сәбет	
“ҚАЗАҚ” ГАЗЕТИ – ҰЛТ МҮДДЕСІНІҢ ЖАРШЫСЫ.....	220
Сұлтанбаева Э.С.	
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ӨНЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ: ТАРИХ ТАРАЗЫСЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ САНА ЭВОЛЮЦИЯСЫ	222
Смағұлов Ж.Қ.	
«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ТАНЫМ БАСТАУЛАРЫ.....	228
Сұлтанбаева Г.С.	
ҚАЗАҚТІЛДІ БАСПАСӨЗ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ЖАРШЫСЫ	234
Тұрсын Құдайберген	
ЕГІЗ ӨРІМ	239
Оразаев Файзолла	
ҚАЙРАН «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ	241
Удербасева Сауле	
КАЗАХСКАЯ ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ В ПЕРИОД НОВОГО РЕВОЛЮЦИОННОГО ПОДЪЕМА	245
Шәріп Амантай	
ТҰҒЫРЫ БИК «ТЕМІРҚАЗЫҚ».....	249
Шыңғысова Назгүл	
ҚАЗАҚ Өңірлік журналистикасының тарихын зерттеудің ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	251
Муканова Гульнар	
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ПРОПАГАНДИСТ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ: НОВЫЕ АРХИВНЫЕ НАХОДКИ.....	256
Қамзабекұлы Дихан	
«АЙҚАП» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ»: МҮДДЕЛЕСТІК ПЕН МҰРАТТАСТЫҚ.....	258
Кенжалин Жұмабек	
ҒАСЫР БҰРЫН ЖАЗЫЛҒАН ЖЫРДАН ҚАНДАЙ ТАҒЫЛЫМ ТҮЙЕМІЗ немесе дәстүршілдік дәні мен сабақтастық салтынан бір мысқал	262
Жаксымбетова С.	
АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР: Ж.Аймауытұлының «Күнекейдің жазығы» повесіндегі тарихилық пен тағдыр талқысы.....	266
Велитченко Светлана	
МЕДИАТЕКСТ И ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОВОЙ ПОДГОТОВКИ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТОВ	270
Мухатаева Қоңыр	
А.БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСПА ІСІ ТАРИХЫ.....	273
Майлықұтова Мария	
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘЛПБИ ЖАЙЛЫ ҰСТАНЫМДАРЫ	276
Кутпанбаева Жазира	
МЕСТО И РОЛЬ СМИ В ПОЛИТИКЕ.....	281
Айтжанов Хамза	
«ҚАЗАҚ» ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТАНЫМ	282
Күнімжан Әбдіқалық, Фариза Адылбекова	
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АСТАРЛЫ СЫР	287
Қаналиева С.	
«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИНДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ ОЙ-САНА	291

Ғылыми басылым

**«Қазақ» газетінің 100 жылдығына және қазақ руханиятының ұлы тұлғасы,
ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 140 жыл толуына орай
«ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МЕН
ДАМУ ҮДЕРІСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

1 ақпан 2013 жыл

ИБ № 6251

Басуға 30.01.2013 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 24 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 33. Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды